**«Аңғал батыр ауылының ЖОББМ» КММ**
**Қамқоршылық кеңесі отырысының № 2 хаттамасы**

Күні: 18.09.2023 ж

Барлығы: 9
Қатысқандар: 7
Қатыспағандар: 2

**Күн тәртібінде:**

1. 2022-2023 оқу жылының есебі, 2023-2024 оқу жылының басталуы туралы есеп. (ДТІЖО Жолдасова И.З.)
2. Жаңа оқу жылына арналған № 56 бұйрықпен және ережелермен таныстыру.
3. Қамқоршылық кеңес мүшелерін сайлау және кеңес мүшелерінің құрамын қайта бекіту.
4. Жоспар құрастыру, жұмыс жоспарын бекіту
5. Әр түрлі мәселелер

**БАРЫСЫ:**

1. Сөз кезегін Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Садуова Айгерим Булатовна сөз алып, жиналыстың ашық екенін жариялап, күн тәртібімен таныстырып өтті. Келесі сөз кезегін ДТІЖО Жолдасова И.З. жалғастырып, 2022-2023 оқу жылының қысқаша есебіне тоқталды. Аңғал батыр ауылының ЖОББМ 2022-2023 оқу жылында 97 оқушы, даярлық топта 4 оқушы білім алды. Жалпы қызметкерлер саны- 56, педагогтер- 27.

Жаппай біліммен қамту қорынан қамтылған бала саны-21. Олар Жаппай біліммен қамту қорынан 40000 теңгеден ақшалай көмек алды. Жалпы 840000 теңгені құрайды. Сонымен қатар мектептегі 1 сынып оқушылары 15 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылған және Жаппай біліммен қамту қорынан 21 оқушы қамтылған. Бір мезгілдік ысытық тамақтың құны 750 теңгені құрайды. Сонымен қатар Жаппай біліммен қамту қорынан жазғы уақытта жазғы сауықтыру «Сұңқар» лагеріне 4 оқушы жолданды. Жазғы уақытта ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалынды. Қосымша білім берумен үйірмелер мен секциялармен 69 оқушы қамтылды.

Биылғы жаңа 2023-2024 оқу жылында мектепте 94+6 оқушы білім алуда. Бастауыш сыныптарда 35 оқушы+ 6 оқушы (даярлық топ) және 59 оқушы орта және жоғары буында. Жалпы мектепте 26 мұғалім жұмыс атқаруда. Оның жоғары білімді- 26. Жаппай біліммен қамту қорынан Жан басына шаққанда күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасыларынан шыққан 32 балаға 40567 тенгеден материалдық көмек жасалынды. Жалпы соммасы 1 298144 теңгені құрайды. Бұл оқушылар бір мезгілдік ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Биылғы оқу жылында бастауыш сынып оқушылары бір мезгілдік ыстық тамақпенқамтамасыз етіледі. Жалпы мектеп бойынша 52

оқушы + 6 оқушы даярлық сыныптан тегін тамақтанады. Бір мезгілдік ыстық тамақтың құны 750 теңгені құрайды.

«Мектепке жол» республикалық акция барысында 1 сыныпқа баратын көп балалы отбасынан шыққан 3 оқушыға демеушілер тарапынан материалдық, қаржылық көмек жасалынды.

2. Жаңа ережелеремен таныстыру үшін, И.З. Жолдасова өз сөзін жалғастырып, Екінші сұраққа тоқталды. Биылғы жылдан бастап, Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы. ҚР Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда № 15584 болып тіркелді. «Білім туралы» ҚР Заңының 44-бабының 9- тармағына сәйкес **№ 56** бұйрығымен өзгертілді.

Кеңес мүшелеріне Жалпы ережелер таныстырылып, жинауға қажетті құжаттар тізімі берілді. Қамқоршылық кеңес орта білім беру ұйымдарында, оның ішінде мамандандырылған және арнайы білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – білім беру ұйымы) дамуына ықпал ететін және білім беру ұйымдардың қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз ететін алқалы басқару орган ретінде өз қызметін мына қағидаттар негізінде жүзеге асырады:

1) тәуелсіздік;

2) оның мүшелерінің өтеусіз негіздегі қызметі;

3) еріктілік;

4) ашықтық;

5) жариялылық пен шынайылық.

3. Қамқоршылық кеңес мүшелері өз қызметінде:

Мынадай құжаттарды ұсынады:

1) өтінім (еркін түрде);

2) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) қазақ немесе орыс тілдеріндегі түйіндеме;

4) білімі бар екендігі туралы құжаттың көшірмесі (бар болса);

5) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығының және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жоқтығын растайтын құжаттар. Кеңес құрамына кімдер кіре алатыны туралы айтылды. Кеңес мүшелеріне қазан айына дейін құжаттарды жинау керектігі туралы айтылды.

3.Үшінші сұрақ бойынша Кеңес құрамы өзгертілуі керек екені айтылып, Ауылдық округінің әкімшілігінен тағы бір адамды қосу ұсынылды. Себебі, мектепте жұмыс істейтін адам Қамқоршылық Кеңес құрамына кіре алмайтыны айтылды. Сонымен қатар мектептен өзін-өзі басқару ұйымынан Мектеп Президентін қосу туралы айтылды. Ол үшін мектеп Президентін сайлау өткенінен кейін, сайланған оқушыны қосу ұсынылды.

Кеңес құрамынан 2 адам Муканова Гульзар Шукировна- мүшесі, Аңғал батыр ЖОББМ, еден жуушы, ата-ана және Абдрахманова Балауса Амангельдиновна өз еркілерімен шықты.

Кеңес мүшелерінің құрамы төмендегідей болып өзгертілді:

1. Садуова Айгерим Булатовна- төрайымы, Аңғал батыр а/о медбикесі, ата-ана
2. Байбулатова Алмагуль Зейноллаевна- мүшесі, зейнеткер, есепші, ата-ана
3. Шайзадаева Галия Маратовна- мүшесі, Аңғал батыр а/о бас маман, ата-ана
4. Сабурова Гульнар Рамазановна- мүшесі, үй шаруасында,ата-ана
5. Ержанова Нургуль Темирбековна- мүшесі, «Аружан-2017»ЖШС, аспазшы, ата-ана
6. Мусатаева Айгуль Жаксылыковна- мүшесі, Аңғал батыр медициналық пунктің еден жуушы, ата-ана
7. Шахметова Сания Боранбаевна- ата-ана
8. Жолдасова Индира Зейнуллиновна- Аңғал батыр ЖОББМ, ДТІЖО, хатшы

Төртінші сұрақ жаңа оқу жылына жоспар құрастырып, бекіту.

Биылғы оқу жылына жоспар құрастырып, оқушылардың жеке гигиенасын тексеруге көңіл бөлу керектігі айтылып, ауылдық медициналық пунктің медбикесі, әрі Кеңестің төрайымы Айгерим Булатовна оқушылардың жеке бас гигиенасы туралы айтып өтіп, оны қадағалап отыруға басты назарға алу керектігін айта кетті.

Соның ішінде оқушылардың тамақтануы, мектептің мерекелік іс-шараларына қатысу, ертеңгіліктерді ұйымдастыру.

**ҚАУЛЫ:**

1. 2023-2024 оқу жылының басталуы туралы есеп қанағаттанарлық болып есептелсін.
2. Жаңа оқу жылына арналған № 56 бұйрықпен және ережелермен таныстырылып, құжаттар жиналсын.
3. Кеңес мүшелерінің қызметтеріне мектеп бойынша қайта бұйрық шығарылсын

Кеңес төрайымы: А.Б. Садуова

Кеңес мүшелері: М.Б. Шахметова

А.З. Байбулатова

Г.Р. Сабурова

Г.М. Шайзадаева

А.Ж. Мусатаева

Н.Т. Ержанова

Хатшы: И.З. Жолдасова